



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Быков А. Ю. Пресса Соединенных Штатов Америки о политических и социально-экономических проблемах современной России (1996 - 2000 гг..) / дис. канд. полит. наук - Екатеринбург, 2001.
3. Анхольт С. Создание бренда страны//Бренд-менеджмент. – 2007.- №1 – 2 –24 с.

ӘОЖ 327:94(574)

Н. ТӨРЕҚҰЛОВТІҢ ДИПЛОМАТИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Еспол Таңшолпан

tansholpan_97.97@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультетінің

3 курстың студенті

Ғылыми жетекшісі- Азмуханова А.М.

Нәзір Төреқұловқа дейін ешбір қазақтың Кеңес Одағының атынан шет елде дипломатиялық миссияны басқарып, елші болмағанын және ол кезде большевиктер елі КСРО-ның атынан небәрі 32 шет мемлекетте ғана елшілік өкілдіктің жұмыс істегенін, сондықтан ондай жауапты қызметке қабілеті ерекше тұлғалар жіберілетінін ескерсек, бұл фактінің қаншалықты маңызды екені түсінікті бола түседі.

Айтқандай-ақ, Нәзір Төреқұлов 1928-36 жылдар аралығында, яғни сегіз жыл көлемінде ауа райы мен климаты қолайсыз, түрлі жұқпалы аурулар жайлаған, ауыз су, азық-түлік тапшы, дәрігерлік көмек жетіспейтін араб жерінде КСРО-ның Өкілетті өкілі қызметін асқан төзімділік және іскерлікпен атқарды. Жан-жақты білім мен талант және кәсіптік біліктілігінің арқасында дипломатиялық корпуста биік беделге ие болып, дандайсыған ағылшын мен француз, итальян елшілерін мойындатып, дуайен (ағаман) болып сайланды. Екі елді жақындастыру мақсатында 1932 жылы король Әбдел Әзиз әл-Саудтың баласы, болашақ тақ мұрагері, ханзада Фейсалдың Кеңес Одағына ресми сапарын ұйымдастырды. Енді-енді автокөлікке мініп, майшамды пайдалана бастаған Сауд Арабиясының КСРО-дан кредитке 50 мың жәшік бензин және сондай мөлшерде керосин сатып алуына ұйытқы болды. Осы секілді өз деңгейі мен мүмкіндігіндегі толып жатқан шаруаларды жүзеге асырды. 1922-1926 жылдары Н.Төреқұлов Мәскеуде КСРО халықтарының Орталық баспасын басқарып, ғылыми-педагогикалық жұмыстармен айналысты. Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде дәріс өткізді, бірталай уақыт осы оқу орнының проректоры да болды. Осы кезден оның дипломатия саласындағы қызметі басталады. Оны мұндай жауапты орынға тағайындау көп талас тудырса да, 1927 жылдың аяқ шенінде КСРО атынан Хиджаз, Неджд және біріктірілген аймақтарға (Сауд Арабиясы бұрын осылай аталатын) елші ретінде аттанды.

Бұл аралықта Н.Төреқұлов өзін жақсы жағынан, іскер азамат ретінде көрсете білді, бұған түрлі лауазымды қызметте істеген тәжірибесі деп көп көмектесті. Нақты айтқанда, ол БКП(б) ОК-нің және КСРО Сыртқы істер халық комиссариатының резервіне алынды. Былайша айтқанда, Сыртқы істер наркомы тәжірибесі мол, білімді адам ретінде оны осы іске лайықты деп тапты.

Н.Төреқұловтың кандидатурасын жақтаған КСРО Сыртқы істер халық комиссариаты Сталиннің атына ресми хат жолдайды. Сталин оны осы орынға лайықты деп тауып, келісімін береді. 1927 жылдың 24 қарашасындағы Саяси бюроның мәжілісінде (№ 137 Хаттама) жолдас Төреқұловты Хиджаз, Неджд және біріктірілген аймақтарға елші етіп жіберу жөнінде шешім қабылданады. Бұған дейін Джидда да осы орында К.А.Хахимов қызмет атқарған болатын.

Өз қызметін мінсіз атқаруы үшін Н.Төреқұлов қазақ, орыс, өзбек, татар, түрік, неміс, француз тілдерін жетік білді, аз уақыттың ішінде араб тілін де меңгеріп алды. Осыған орай

оның: «Аузыңнан шыққан сөз аудармада өз мәнін жоғалтады» деген сөзі еске оралады. Бұған қоса, бірнеше тілді меңгеруінің арқасында өз ойын анық жеткізіп қоймай, діни тақырыпта да сөз таластыратын. Оның терең білімі мен кәсіби дағдысына, адами болмысына тәнті болған король мен оның отбасы оған ерекше құрмет көрсетті. Король Абдель Әзіз әл-Сауд оны «Бауырым» деп атады. Сондай-ақ, ол корольдің ұлдарымен де, әсіресе, ханзада Фейсалмен жақсы қарым-қатынаста болды.

Өзі елші болып барған ел 1932 жылдан бастап Сауд Арабиясы деп аталатын болды. Өзге елдермен алыс-беріс, барыс-келіс жолға қойыла бастаған тұста Н.Төреқұлов қолынан келген көмегін аямады.

1932 жылы Фейсал бастаған «саудтық» делегация он күн Кеңес Одағында болып қайтты. Мұны Н.Төреқұловтың саяси жетістігі деп санауға болады. Екі тарап та бұған айрықша мән берді. Екі ел арасында достық қатынас орнады. «Саудтық» делегация КСРО үкіметінен 10 жыл мерзімге бір миллион фунт стерлингке кеңестік тауар несиесін алу жөнінде келісімге қол жеткізді. Н.Төреқұлов бұл елшілік орында сегіз жыл қызмет атқарды.

Меккеге әлемнің түкпір-түкпірінен тәу етіп келетіндер көп. КСРО-дан, атап айтқанда, Қазақстаннан, Башқұртстаннан, Татарстаннан, сондай-ақ, Солтүстік Қап тауынан және Орта Азиядан Меккеге қажылыққа баратындарды есепке алсақ, аталмыш елмен қатынас орнатудың қаншалықты маңызды екенін түсінуге болады.

Ол – өз заманының заңғар тұлғасы. Климаты қатал, саяси өмірі қиын елде арабтармен дипломатиялық қатынас орната білді. Ауыз толтырып айтатын жетістіктерін санамаласақ: АТС құрылысы қолға алынды, мұнай экспорты жолға қойылды, ханзада Фейсалдың Кеңес Одағына сапары, т.б.

Н.Төреқұлов дінді теріске шығаратын коммунистік идеологиямен қаруланған елдің өкілі ретінде қызмет атқарғанын ескерсек, оның кейде қандай күрделі мәселелермен бетпе-бет келгенін елестетудің өзі қиын. Сөйтсе де, ол Меккеге Кеңес Одағынан қажылыққа баратындар үшін жағдай жасау жөнінде Үкіметке өз ой-пікірін батыл білдірді.

Бұл мәселенің ойдағыдай шешім табуына оның ұйымдастырушылық қабілеті, бірнеше тілді жетік білуі, терең білімі мен мол тәжірибесі, сұңғылалығы көп әсерін тигізді. Бірде Түрік Республикасының ұлттық мерекесінде ол дипломатиялық корпусстың атынан араб тілінде сөз сөйледі. Осыдан кейін онымен шетелдік әріптестері санасатын болды. Ол ол ма, қандай да бір даулы мәселе туындаса, оның ақыл-кеңесіне жүгінетін болды. Ең бастысы – жергілікті монархтардың сеніміне ие болды, король мен оның отбасының ыстық ықыласына бөленді. Ал бұл өз кезегінде мәдениеті мен дүниетанымы бөлек елдер арасындағы достық қарым-қатынастың орнауына жол ашты.

1933 жылы ол қажылыққа барды. Бұл турасында бұрын эмиграцияда болған, татар мұсылмандарының ұлттық қозғалысының көрнекті қайраткері Гаяз Исхаки былай дейді: «Меккенің көшесінде балға мен орақ бейнеленген қызыл туы бар автокөлік пайда болды. Онда екі адам отырды... Олардың бірі – Коминтерн мүшесі, Кеңес Одағының өкілі Нәзір Төреқұлов болатын. Сол жерде оның қажылыққа келгені белгілі болды. Ол өзгелер секілді қажылығын өтеді. Содан соң, Мәдинада жатқан Пайғамбарымыздың басына барды. Кеңес Одағының өкілдері «мұсылмандардың қажетіне» деп, қаражат ала келіпті».

1935 жылдың 31 тамызындағы Саяси бюроның мәжілісінде (№ 32 Хаттама) Сыртқы істер халық комиссариатының Н.Төреқұловтың орнына Хакимовты тағайындау жөніндегі ұсынысы қабылданды. 1936 жылдан бастап Н.Төреқұлов Ленинградтағы Шығыс халықтарының институтында және Мәскеудегі Шығыс халықтарының тілі мен жазу өнері институтында жұмыс істеді.

Т. Мансұров келтірген мәліметтер бойынша, 1913 жылы дипломат тұлға Қоқандағы көпестер мен сауда-өнеркәсіп компаниялары ашқан коммерциялық училищені бітіріп, оқуын Мәскеудегі коммерциялық институтта жалғастырады. Мұнда ол өз мамандығы бойынша экономикалық пәндермен қатар, шет тілдерін де оқып үйрене бастайды. Ерекше қабілет пен талап-ізденісінің нәтижесінде орыс, түрік тілдеріне қосымша француз бен немісше сөйлей алатын дәрежеге жетеді. 1917-18 жылдардағы оқиғалар, ақпан және қазан төңкерістері Нәзір-

дің қоғамдық таным көкжиегін кеңейтіп, саяси жағынан шындалып, қалыптасуына көп ықпал етті. Сондықтан да ол 1918 жылы большевиктер партиясы қатарына өтіп, өз еркімен Қызыл армияға жазылып, Түркістан атты әскерінде саяси басқарма бастығының орынбасары болып тағайындалды. Осы қызметтен, оның революциялық және партиялық өсуі басталды. Ол сондай-ақ, заманның үні мен мақсат-мүддесін білдіретін мақалалар жазып, газет-журналдар шығарып, бұқаралық мәдени-ағарту істерімен де айналысты.

1918 жылдың көктемінде Қоқан ревкомының хатшысы болып қатарға іліккен Нәзір Төреқұлов небәрі үш жылдың ішінде партиялық және мемлекеттік биліктің жоғары сатысына көтеріліп, 1921 жылдың мамырында Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып сайланды. Осы сияқты оны РКП(б) ОК-нің Орталық Азиялық бюросының мүшелігіне және Түркістан майданы революциялық әскери кеңесінің мүшелігіне сайлау оған көрсетілген зор сенім болатын.

Айырықша айта кететін жайт Нәзір Төреқұлов Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметінде жүргенде республиканың барлық ұйымдарында демалыс күнін жексенбіден жұмаға ауыстырды. Сондай-ақ, мұсылмандардың қасиетті мейрамы Құрбан айтқа байланысты үш күн демалыс беру жөнінде жарлыққа қол қойды. Атеизмді қолдайтын, большевиктік саясаттың тұсында мұнысы асқан батылдық та батырлық және халықтың мүддесі мен игілігі үшін жасалған ерлікке пара-пар іс болатын.

Т. Мансұров Қазақстанның Ресейдегі елшісі (1994-2002) болып қызмет істеп жүргенде біздің қазақстандық ғалымдардан Федералдық Қауіпсіздік қызметі арқылы Н.Төреқұловтың 1937 жылы тұтқындалып, атылуына байланысты құжаттарды сұратып әперу жөнінде өтініш түседі. Сұраған құжаттардың көшірмесін көп ұзатпай алып беріп жіберіп, ол құжаттар танымал жазушы-журналист Нұрмахан Оразбековтің 1997 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан кітабында жарияланды.

Кейде бір шаруа екінші бір іске себеп болып жатады, қолға тиген құжаттармен танысқаннан кейін Т.Мансұров Нәзір Төреқұловтың өмірі мен қызметін тереңірек зерттеуді қолға алады. Әрине, Нәзір Төреқұлов сынды мемлекеттік ауқымда жұмыс істеген саясаткер, жоғары деңгейдегі дипломаттың өмірі мен қызметіне қатысты құжаттардың арнайы мұрағаттарда, жеті құлыптың астында сақталатыны белгілі. Ресейде қалыптасқан тәртіп бойынша әрбір зерттеушіге архивтік қордағы құжаттардың әрі кеткенде 25 пайызы ғана беріледі. Осыған байланысты Ресей Федерациясының сол кездегі Сыртқы істер министрі Е.М.Примаковқа өзінің сыйлас, достық қарым-қатынасын пайдаланып: «...архивте шаң басып жатқан Төреқұлов жайындағы қағаздарды Қазақстанның Ресейдегі елшісі мен іздемесем кім іздейді?» дегендей сауал тастап, өтініш айтады. Сонда Евгений Максимович: «Мен Таяу Шығыста, араб елдерінде ұзақ жыл қызмет істедім. Нәзір Төреқұлов туралы естігенім бар. Бірақ, оның сіздердің отандастарыңыз екенін білмеппін. Ол қазақ екен ғой?» – дейді. Сөйтіп, қолдан келген көмегін береді. Міне, сондай биік парасатты және адамгершілігі мол азаматтың арқасында Ресейдің Сыртқы саясат архивінен 750 беттен астам қағаз-құжаттардың ресми көшірмесін алудың сәті түседі.

Өкілетті өкілдің Орталықпен (Сыртқы істер халық комиссариатымен) жазысқан хаттары бұрынғы СОКП Орталық Комитетінің мұрағатынан қосымша бірқатар мәліметтер алынады, жолдаған жазба мәлімдеме-хабарламалары, күнделіктері мен есептері, олардың жазылу стилі ерекше. Бұл оның дүние танымының кеңдігін, талант-қабілетінің жан-жақты екенін аңғартатын еді. Міне, осы материалдар бойынша алғаш рет орыс тілінде «Назир Тюрякулов – полпред СССР в Королевстве Саудовская Аравия» деген жинақ құрастырылып шығарылды. Мұнан соң «Елші Нәзір Төреқұловтың Аравия дастаны» деген еңбек жазылып, оның мәтіні төрт тілде: орыс, қазақ, ағылшын және араб тілдерінде қатар берілді. Аталған екі кітап та негізінен кәсіби дипломаттарға, әлемдік саясат пен халықаралық қатынастар мәселелерін зерттеуші мамандарға арнап шығарылған болатын. Бұл еңбектер Нәзір Төреқұловтың өмірі мен кәсіптік қызметін, сондай-ақ өткен ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдарындағы тарихи оқиғалар мен халықаралық жағдайды ғылыми тұрғыдан талдауға, бағалауға мүмкіндік береді.

Ал, «Өкілетті өкіл Нәзір Төреқұлов. Дипломат, саясаткер, азамат» деген көркем туынды жайында сөз еткенде, оның жай ретті баяндау емес, керісінше Нәзірдің дипломатиялық өмірінің кейінгі аянышты, трагедиялы тұсымен ұштасып жатқан желіде жазылғанын айтқан жөн. Сондықтан да ол: «Араб жеріндегі алғашқы қадамдар», «Корольдің сеніміне ие болу үшін күрес», «Күнделікті өмір...», «Қынжылысты сәттер», «Өмірінің соңғы күндеріне» дейінгі толғанысты тараулардан тұрады.

Болмысы бөлек, тарихи тұлға Мәскеудің атақты «Молодая гвардия» баспасын қызықтырған. Сөйтіп, солардың ұсыныс-тілегімен және олардың әрбір факты негізді және дәлелді болуы керек деген талабын ескере отырып тарихи очерк жанрымен «Полпред Назир Тюрякулов» деген көркем еңбекті жазған Т. Мансұровтың тарихнамадағы орны айрықша. Кітап аталған баспаның әлемге әйгілі «ЖЗЛ» (Тамаша адамдар өмірі) сериясымен 2004 жылы жарық көрді. Нәзір Төреқұлов жайындағы бұл кітап осы сериямен қазақтың көрнекті қайраткер өкілдері туралы жазылған шығармалардың қатарын Шоқан Уәлиханов, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаевтан кейін төртінші болып толықтырды.

«Өкілетті өкіл Нәзір Төреқұлов. Дипломат, саясаткер, азамат» деген кітаптың ағылшынша шыққан нұсқасы Сауд Арабиясының Сыртқы істер министрі Сауд әл-Фейсал ханзаданың қолына түсіп, ол кітапты қызыға оқып шығыпты. Оның әкесі Фейсал корольдің Хиджаздағы уәкілі болып тұрған тұста кеңестік өкілетті өкіл Нәзір Төреқұловтың сенім грамотасын қабылдап алған. Мұнан әрі екеуінің арасында жақсы сыйластық қарым-қатынас орнаған. Жалғыз Фейсал ғана емес, Нәзір жалпы корольдің от басының айырықша құрмет пен сеніміне ие болып, әл-Саудтың өзі оны інім деп атаған. Тақ мұрагері ретінде Фейсал 1964-1975 жылдары Сауд Арабиясының королі болды. Кітапта король әулеті туралы осы сияқты бірқатар тарихи мәліметтер қамтылған. Кітап министрге сонысымен қымбат және ыстық болып көрінген болса керек. Осыған байланысты өздеріндегі зиялы қауым, жалпы араб жұрты кеңінен танып білуі үшін кітапты арабшаға аудару жөнінде ұсыныс жасаған.

Кітапты аудару ісіне сол кезде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәріс беріп жүрген, білікті тіл маманы, аса терең білімді азамат, Каир университетінің профессоры Амер Мұхаммед Амер тартылды. Кейін еңбектің араб тіліне өте сапалы деңгейде аударылғаны туралы бірнеше білікті арабтанушы мамандар пікір білдірді. Оның үстіне кітап Каирдің бүкіл Таяу Шығыста үлкен беделге ие «Айн-Шамс» баспасында басылып шықты.

Көзін көрген замандастарының айтуынша, Нәзір жарқын жүзді, жанары өткір, болмысы байсалды, сөзге шешен әрі өзгені де тыңдай білетін, жігерлі де қызуқанды, жұртты өзіне үйіріп әкететіндей тартымды (харизматикалық) көшбасшылық қасиеті бар азамат болыпты. Нәзір Төреқұлұлы өз қолымен толтырған анкеталардың бәрінде мамандығын «журналист» деп көрсеткен. Шаң басқан архивтер мен түнекті тарихтың қойнауынан бізге Нәзірдің қазақ, орыс тілдерінде жазған: «Қазақ мәселесі», «Кокандская автономия», «Ислам және коммунизм», «Отзыв на книгу В.Бартольда «История Туркестана», «Атлант мұхитынан – ұлы Мұхитқа дейін», «Туркестанская Автономная Республика» деген тәрізді қоғамдық-саяси, мәдени тақырыптарға арнап жазған ондаған мақалалары келіп жетті. Бұлар арқылы ол ел, қоғам алдындағы аса бір өзекті мәселелерге, көзі ашық, көкірегі ояу азамат ретінде пікірін білдіріп, үн қатып отырған. Керек десеңіз, ол Сәкен Сейфуллиннің «Асау тұлпар» жинағына да сын жазып, ондағы өлеңдерді талдап, заманның, уақыттың талабы тұрғысынан өзіндік көзқарасын білдірген. Демек, Нәзірдің тілші, ғалым, ағартушы, баспагер, журналист, редактор ретінде тындырған істері де қыруар. Міне, осының бәрі қандай да бір тарихшы, филолог, журналистер тарапынан тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Сонау 20-шы жылдары Нәзір Төреқұлов Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып жүргенде Маңғыстау жерін Қазақстанның құрамына қосу жөніндегі арнайы Декретке қол қойып, елдің келешегі үшін үлкен игілікті іс атқарыпты. Осындай құнды құжаттың табылуына орай Маңғыстау тарихи өлкетану музейінен Нәзірге арналып, арнайы бөлім ашылып, сондағы бір көшеге Нәзір Төреқұловтың есімін беру ұйғарылғаны құптарлық шаралардың бірі.

Н. Төреқұловтың алып держава атынан дипломатиялық қызмет етуі – ерекше назар аудартарлық жәйт. 1928 жылы 36 жасында ол КСРО-ның Хиджаз, Неджд және қосылған аймақтар (қазіргі Сауд Арабиясы) Корольдігіне өкілетті уәкіл болып жіберілді. Осынау жоғары дәрежелі, жауапкершілігі мол қызметке жас маманның тағайындалуының өзі дипломатиялық тәжірибеде сирек кездесетін оқиға.

О заманда әлемнің көптеген елдері Кеңес өкіметін мойындамай, мемлекет халықаралық оқшалауда болған еді. Оның үстіне Арабия түбегіндегі саяси ахуал жаңадан билік басына келген монархияның аймақтағы ең қуатты күш болып табылған Ұлыбританиямен қарым-қатынастарының шиеленісуімен сипатталатын. Бұған себеп саудиялықтардың Хиджаздағы ағылшындар қолдап отырған хашимиттік басқаруды 1925 жылы құлатуы еді. Ол кездері Хиджаз, Жидда, Мекке және Медине сияқты ірі қалалар шоғырланған Арабия түбегінің батысы экономикалық жағынан анағұрлым игерілген аймақ болатын.

Осындай күрделі жағдайда Нәзір Төреқұловтың алдында Кеңес Одағының Таяу Шығыстағы мүдделерін ілгерілету бойынша зор міндет қойылды.

Кеңес уәкілінің ірі жеңісі екі ел арасындағы сауданың нығая түскені болды. 1930 жылы сауда жөніндегі келісім-шарттардың болмауына қарамастан, Төреқұлов басқарған дипломатиялық миссия Сауд Арабиясына мұнай өнімдерін, ағаш, ұн, қант және басқа да тауарларды жеткізу бойынша жемісті келіссөздер өткізді. Бұл Англияның экономикалық қысым жасау жағдайында жас монархия үшін ерекше маңызды болды.

Н.Төреқұловтың тікелей қатысуымен 1933 жылы Саудия жетекшілігінің КСРО-мен арадағы саудаға қатысты болған шектеулерді толығымен алып тастауына қол жеткізілді, Арабияға денсаулық сақтау саласындағы жәрдем ұйымдастырылды, бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды, солардың ішінде Ат-Таиф қаласында Сауд Арабиясындағы ең алғашқы автоматтандырылған телефон стансасының орнатылуы болды.

Отандасымыздың нәтижелі еңбегінің айғағы Саудия басшылығының Жиддадағы Кеңес Одағы өкілдігінің мәртебесін жоғарылатуға келісімі болды. 1930 жылдың ақпанында Н.Төреқұлов кейін Сауд Арабиясының Королі болған бекзада Фейсалға өкілетті министр және төтенше уәкіл ретінде Сенім грамотасын табыс етті. Осылайша, Н.Төреқұлов КСРО-дағы тұңғыш елші қазақ болды. Осыған қоса, аталған уақытқа таман ол дипломатиялық корпусстың дуайені (басшысы) болды. Бұл саясаткерлер және дипломаттармен ғана емес, сондай-ақ қажылыққа келген жоғары мәртебелі мұсылмандармен байланыстарды белсенділендіруге мүмкіндік берді. Ал 1932 жылы маусымда Сауд Арабиясы королінің мұрагері Фейсал әл-Саудтың КСРО-ға ресми сапарын ұйымдастырды.

Н.Төреқұлов запыран заманда шетелге қоныстанып, қалып қойған өзінің отандастарына жәрдемдесуге де елеулі күш-жігерді бөлген болатын, олардың тағдырын онды етіп шешуге Кеңес өкіметінің алдына талай рет өтініштер жасаған еді. Мұның өзін сталиндік сұрапыл заман жағдайында Төреқұловтың көрсеткен батыл әрекеті деп бағалауға болады.

Сегіз жыл бойы Нәзір Төреқұлов Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы мүдделерін қорғады. Оның өзіне тән жан-жақты құзыреттілігі, мазмұндаудың кемелденген стилі, бағалау мен жалпылаудың мергендігі қазақтан шыққан тұңғыш кеңестік елшіні жоғары дәрежелі маман, аймақтық және халықаралық саясаттың білімпазы ретінде сипаттайды.

Т.Мансұров, Т.Қожакеев, Б.Қойшыбаев, Ж.Әлмашұлы, Н.Оразбек сынды азаматтардың бастамасымен қалыптасқан нәзіртану ғылымы қазақтан шыққан қайраткер ұл, Кеңес Одағының алғашқы елшілерінің бірі, көреген (дальновидный), полиглот, кеңестік идеология дін атаулыға, әсіресе, ислам қағидаларына қаһарын төккен жылдары саяси қызметте жүріп-ақ мұсылмандық парызын өтеген қажы, қаламгер, ұлтымыздың әдебиет, мәдениет, тарих, тіл мен діл жанашыры Нәзір Төреқұлов туралы біраз мәліметтерді беріп үлгерді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Т. Мансуров «Лики суверенитета. Суверенитет в призме социальной истории» (1994, в соавт.)

2. «Казахстан и Россия: суверенизация, интеграция, опыт стратегического партнерства» (1997)
3. «Аравийская эпопея полпреда Назира Тюрякулова» (2001)
4. «Казахстанско-российские отношения в эпоху перемен» (2002)
5. «Полпред Назир Тюрякулов. Дипломат, политик, гражданин» (2003)
6. «Назир Тюрякулов». Серия ЖЗЛ (2004)
7. «Нәзір Төреқұлов» (2005)
8. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық және саяси өміріндегі Нәзір Төреқұловтың рөлі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Түркістан, 2006.
9. Тілеуқұлов Г. Жазықсыз жазаланған тұлғалар. – Ташкент, 2000.
10. Мансұров Т.А. Нәзір Төреқұлов. - Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 2005.
11. Назір Төреқұлов: елші, саясаткер, азамат (Қ. Әбзелұлының Т. Мансұровпен сұхбаты)//Шымкент келбеті 2003 жыл, 18 сәуір, 15 бет.
12. ОҚОММ қор №630, тіз. №6. бум №2 іс №16, л1-1об,ст. 19.10.2004.

УДК 327.8(574 +520)

ВАЖНЕЙШИЕ ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ И СОВРЕМЕННЫЕ ЭКОНОМИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ТРЕНДЫ ЯПОНО - КАЗАХСТАНСКИХ ОТНОШЕНИЙ

Жакай Арман Нурадинович

sabre.gign@gmail.com

Студент специальности МО ФМО

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Алькеев А.К.

Итак! Дорогие коллеги и читатели. Как объект своей работы, я удосужился выбрать отношения между нашей страной, Казахстаном, и нашим соседом из Дальнего Востока, именуем Японией. Целью моего доклада является расписать отношения государств, которые и по сей день развиваются солидными темпами и постараться объяснить Вам: “Почему так важно строить тесные отношения с восточным партнером?”.

Казахстанско-японские отношения, как таковые, берут свое начало еще с обретения Казахстана статуса независимого государства, 16 декабря 1991 года – спустя недолгое время, 28 декабря 1991 года, Япония заявляет о признании Казахстана, как суверенное и независимое государство. На следующий год, 26 января 1992 года, официально устанавливаются дипломатические отношения между странами и начало долгосрочных отношений с безграничными перспективами. Здесь Как отмечал наш президент в ходе последнего визита в Японию, в ноябре 2016 года, “Принято совместное заявление, где наши отношения определяются как стратегические, углубленные и доверительные”(1)

Задачи, что я поставил, для достижения поставленных целей – довольно элементарны:

во-первых, понять причины выбора;

во-вторых, узнать договорно-правовую базу между странами;

в-третьих, узнать то, что мы имеем на данный момент с момента начала дипломатических отношений, начиная с торгово-экономических и заканчивая научно-культурными;

в-четвертых, понять, на какой почве основываются отношения выявить дальнейшие перспективы.

Казахстанско-японские отношения, с момента своего начала, можно поделить на два периода:

- До 2000-х годов, так как в период становления Казахстана, как независимого